

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады



Ынтымақтастық

Келелі істер кемел келешекке бастайды

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасеновтің қатысуымен мұнай саласындағы жанандық серіктес компаниялар басшыларымен бірқатар кездесу өтті. Жиын барысында ынтымақтастық пен әріптестік келісімдерді одан әрі нығайту, мақсатты индикаторларды жүзеге асыру барысы жан-жақты талқыланды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУЫ БАСТЫ НАЗАРДА

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Қазақстандағы «Епі» компаниясының басқарушы директоры Сегер Хойтинкпен кездесті. Қашаған кен орнын кеңейту, ішкі нарыққа тауар газын жеткізу үшін Қарашығанақ кен орнында газ өңдеу зауытын салу жобаларының қазіргі мәртебесі, қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері қаралды. Кездесуде сондай-ақ «Абай» учаскесінде ұңғыманы бұрғылау бойынша жақын арада жоспарланған дайындық жұмыстарының барысы, «Транскаспий» маршруты арқылы және Германияның мұнай өңдеу зауыттарына «Транснефть» жүйесі бойынша мұнай экспортының перспективалары да қаралды.

Тараптар Жаңаөзен қаласында гибриді электр станциясын салу жобасын іске асыру сұрақтарын да талқылады. «ҚазМұнайГаз» «Епі» компаниясымен ағымдағы жобалар және жаңа бастамалар жөніндегі ынтымақтастықты жалғастыруға ниетті.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» «LanzaJet» компаниясымен серіктестік болып, «SAF» өндіру мүмкіндігі талқыланды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов америкалық «LanzaJet» технологиялық компаниясы мен жапондық «Mitsui» (Мицуйи) инвестициялық компаниясының басшыларымен кездесу барысында Қазақстанда экологиялық таза, авиациялық «SAF» отыны өндірісін құру мүмкіндігі мәселесі айтылды.

▶▶ 2

Өндіріс

Орталық және Шығыс Өріктау кен орындарын кең көлемде игеру тұжырымдамасы дайындалып жатыр

2015 жылы ашылған Шығыс Өріктау кен орнында өндірілетін мұнай қоры – 4,7 млн тонна, мұнайда еріген газ қоры – 2,5 млрд текше метр екен. Ішкі нарықтағы газ тапшылығына байланысты Өріктау жобасының іске асырылуы стратегиялық тұрғыдан алғанда аса маңызды қадам болып отыр.

▶▶ 3



Тағылым

Теңізге жол ашқан дарабоз

Ғалымдар ұзақ уақыт бойы Каспий маңы ойпатындағы мұнай қоры тұз бетінде жиналған деп есептеген. Ол жердегі ұңғымалардың тереңдігі 3000 метр шамасына жетіп жығылатын. Алайда сонау 1930-жылдардың өзінде зерттеушілер мұнайдың көп бөлігі өте тереңде – жердің тұз қабатының астында болуы мүмкін деген болжам жасаған-ды. Аталған аймақтағы тұзасты қабатына ұңғы бұрғылау жұмыстары өткен ғасырдың 50-жылдары ғана қолға алына бастады.

▶▶ 3



Қаражанбасмұнай – 50 жыл

Қаржы-өндірістік әлеуеті жоғары мекеменің биік белестері туралы келесі топтамада.

5

Маңызды ақпарат! Сіздің де акционер болуға құқығыңыз бар

Дивиденд дегеніміз не? Ол кімдерге беріледі? Дивидендке қол жеткізу үшін не істеу керек?

6

Бала бақыты – болашақ кепілі

Балаларды қорғау күніне арналған шаралар биыл да өзіндік сән-салтанатымен өтті.

10-11

Маңызды

А.Хасенов ҚМГ-ның Маңғыстау облысындағы еншілес кәсіпорындарымен жиын өткізді

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов компанияның Маңғыстау облысындағы кәсіпорындарында өндірістік мәселелер бойынша жиын өткізді.

«Қаражанбасмұнай» АҚ және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылары өндірістік көрсеткіштер мен жоспарды орындау,

сондай-ақ еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қолдау жөніндегі шаралар туралы баяндады.

Басқарма басшысы сондай-ақ Ақтау битум зауытына (CASPI BITUM) барды. Ол зауыттың қызметі мен кәсіпорынның өндірістік қуатын жылына 500-ден 750 мың тоннаға дейін арттыру жобасының мәртебесі бойынша кеңес өткізді. Осы кездесуде А.Хасенов 2025 жылдың жол-құрылыс маусымына битум тапшылығын болдырмаудың маңыздылығын атап өтті. **М**



Ынтымақтастық

Келелі істер кемел келешекке бастайды

«1»



ОРТАҚ ЖОБАЛАР КҮН ТӘРТІБІНДЕ

Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Астанада «Karachaganak Petroleum Operating B.V.» (КПО) компаниясының Бас директоры Марко Марсилимен кездесті.

Тараптар Қарашығанақ кен орнында қуаты жылына 4,5 млрд текше метр шикі газды өңдеу зауытын салу жобасының ағымдағы жағдайын талқылады.

Қазақстан мен Жапония Атырау мұнай өңдеу зауытында төмен көміртектегі жобаларды дамытуға дайын. Компания басшысының жапондық «Marubeni Corporation» (Марубени) жетекшісімен кездесуінде айтылды.

Тараптар былтыр күзде Қазақстан мен Жапония арасында қабылданған мемлекетаралық келісімді іске асыру аясында Атырау мұнай өңдеу зауытында төмен көміртектегі жобаларды дамыту мәселесін қарастырды. Атап айтқанда, ҚМГ мен Марубени Атырау мұнай өңдеу зауытының ЭЛОУ-АТ-2, ЭЛОУ-АВТ-3 технологиялық қондырғыларының және катализаторлық крекинг қондырғысының жұмысын экологиялық оңтайландыру жөніндегі жобаны іске асыру мүмкіндігін зерттеу қорытындысын күтуде.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен Оңтүстік Кореяның Hyundai Engineering Co., Ltd инжиниринг компаниясы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Екі жақты құжатқа ҚМГ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов пен «Hyundai Engineering» компаниясының президенті Хён Сонг Хонг қол қойды.

Келісім мұнай-газ және мұнай химиясы секторларында ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерделеуді көздейді.

«ҚазМұнайГаз» Басшысы Асхат Хасенов Конго Республикасы Президентінің стратегиялық мәселелер және халықаралық келіссөздер жөніндегі жеке өкілі Франсуаза Жолимен, сондай-ақ Конго Ұлттық мұнай компаниясының (SNPC) Бас директоры Майксент Омингамен кездесу өткізді.

ІЛКІМДІ ІС – ІРГЕЛІ БАСТАМА

Тараптар мұнай және мұнай өнімдерін сату, адам капиталын дамыту және басқа да бағыттарды қоса алғанда, мұнай-газ секторының түрлі салаларында өзара іс-қимыл перспективалары жөнінде пікір алмасты.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов пен Еуропа Қайта Құру және даму банкінің Орталық Азия және Моңғолия өңірі жөніндегі басқарушы директоры Хусейн Өзхан мырзаның кездесуі барысында төмен көміртектегі жобаларды іске асыру бойынша ынтымақтастық перспективалары талқыланды.

Өзара серіктестік қатынастар Атырау мұнай өңдеу зауытында іске асырылып жатқан «Tazalyq» экологиялық жобасын нығайту аясында қарқынды дамуда. Жоба өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға оң ықпал ететін ағынды суларды механикалық тазарту қондырғыларын жаңартуды және 860 гектардай болатын булану аумағын қалпына келтіруді қамтиды.

Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Теңізшевройл» компаниясының Бас директоры Кевин Лайонмен кездесті.

Қос тарап ТШО жұмысының ағымдағы өзекті мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, өндірістік қызмет, қазақстандық қамтуды ұлғайту, сондай-ақ кадрларды дамыту мен ұлттандыру мәселелері қарастырылды.

ҚМГ басшысы Sinopec компаниясының Қазақстандағы өкілдерімен кездесті.

Тараптар «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-нің (ҚОА) Ақтөбе облысындағы Әлібекмола және Қожасай мұнай-газ конденсатты кен орындарын одан әрі игеру жолдарын талқылады. ҚОА үлескерлері – ҚМГ 50 % және Caspian Investments Resources Ltd (Sinopec) 50 %.

2023 жылы ҚОА компаниясының мұнай өндіру деңгейі 505 мың тоннадан асты. Биылғы мұнай өндіру жоспарына сәйкес компания 477 мың тонна өндіру көрсеткішіне жетуі керек, 2024 жылдың 5 айында бұл көлемнің 200 мың тоннаға жуығы өндірілді. **М**

МҰНАЙ ҚҰБЫРЫН ЖАҢҒЫRTU ЖҰМЫСТАРЫ ІРКІЛІССІЗ ЖҮРЕДІ

Астанада өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Каспий құбыр консорциумының Бас директоры Николай Горбаньмен кездесуінде мұнай құбырын жаңғырту барысы талқыланды.

Тараптар Консорциум қызметінің өзекті мәселелерін, соның ішінде Теңіз – Новороссийск құбыр жүйесі нысандарын жаңғырту және сенімділігін арттыру бойынша компания іске асыратын бағдарламаларды, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумы жүйесін жүктеуге қатысты перспективті жоспарларды талқылады.

Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Chevron» («Шеврон») корпорациясының Еуразиялық бөлімшесінің басқарушы директоры Дерек Магнесспен кездесу өткізді. Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын игеру, қазақстандық қамтуды ұлғайту және «Шеврон» тарапынан «ҚазМұнайГаздың» мұнай-химия бастамаларын іске асыруға жәрдемдесу перспективалары қаралды.

«ҚазМұнайГаз» Теңіз кен орнында жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндігі мәселесін алға тартты.

Қазақстанды тауарлық газбен қамтамасыз ету үшін Қарашығанақ кен орнында жылына 4,5 млрд текше метр шикі газ өңдеуге қауқарлы газ өңдеу зауытын салуға қатысты инвестициялық шешімді уақытылы қабылдаудың маңызы атап өтілді.

Сондай-ақ, Асхат Хасенов «North Caspian Operating Company» Басқарушы директоры Джанкарло Руюмен кездесті.

Тараптар қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың жоғары стандарттарын сақтауға баса назар аудара отырып, Қашаған кен орнын игеру мәселесін талқылады. Кездесуде 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қашағанда 18,8 млн тонна өндірудің рекордтық көрсеткіштері кен орнының орасан зор әлеуетін растайтындығы атап өтілді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Қазақстандағы «ЭксонМобил» компаниясының басқарушы директоры Сесиль Ролинмен кездесті.

Кездесуде Теңіз және Қашаған жобаларын іске асырудың қазіргі мәртебесі, отандық мұнай химиясын дамыту және қазақстандық қамту мәселелері талқыланды. Компания басшысы «ҚазМұнайГаз» бен «ЭксонМобил» арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайту бағытының тұрақтылығына басымдық беретінін атап өтті.



Өндіріс

Орталық және Шығыс Өріктау кен орындарын кең көлемде игеру тұжырымдамасы дайындалып жатыр

ҚМГ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов Ақтөбе облысындағы «Өріктау Оперейтинг» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС және «Қазақтүрікмұнай» ЖШС бірқатар өндірістік нысандарын аралады. «ҚазМұнайГаз» қазіргі уақытта Орталық және Шығыс Өріктау кен орындарын кең көлемде игеру тұжырымдамасын дайындап жатыр.

2024 жылы Шығыс Өріктауда 89 мың тонна мұнай және шамамен 46 млн текше метр газ өндіру жоспарланып отыр.

Кеңес қорытындысы бойынша А. Хасенов «Өріктау Оперейтинг» ЖШС басшылығына өнеркәсіптік қауіпсіздікке, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне ерекше назар аударуды, сондай-ақ 2024 жылы Шығыс Өріктау кен орнында жоспарлы өндіріске қол жеткізу шараларын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС және «Қазақтүрікмұнай» ЖШС нысандарындағы сапарда 2024 жылға арналған өндірістік бағдарламаның орындалуы, қауіпсіздік техникасы, еңбек тәртібін сақтау, ұжымдар мен мердігерлік ұйымдардағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері қаралды.

Естеріңізге сала кетейік, 19 маусымда ҚМГ Қаражар учаскесі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын «Қазақтүрікмұнайдың» пайдасына берген болатын. Бүгінгі күні барлау жұмыстарының жобасын, барлау салдарын жою жобасын және іздестіру ұңғымасын салуға арналған техникалық жобаны әзірлеу жүргізілуде. А. Хасенов жыл

соңына дейін барлау ұңғымасын бұрғылау жұмыстарына кірісуді тапсырды.

«Қазақтүрікмұнай» Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Жарқамыс ауылының тұрғындарын өтеусіз негізде газбен қамтамасыз етеді, жеткізу көлемі – жылына шамамен 4 млн текше метр. [N](#)



Парыз

Қайырымдылық көмек көлемі 10 млрд теңгеге дейін ұлғайды

«ҚазМұнайГаз» су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге қайырымдылық көмекті 10 млрд теңгеге дейін ұлғайтты, – деп хабарланды баспасөз беттерінде.



Биыл сәуір айында «ҚазМұнайГаз» су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 3 млрд теңге көлеміндегі қаражатты бөлген болатын. Мамыр айында компания қосымша 7 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Бұл қаражат «Samruk Kazyna Trust» корпоративтік қоры арқылы мақсатты орынға бағытталатын болады.

Одан бөлек, «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС тәулік бойы Төтенше жағдайлар министрлігі, Қорғаныс министрлігі және Ұлттық ұланның әуе кемелері мен техникасын жанармаймен қамтамасыз етеді. Оған қоса компания зардап шеккен облыстардың әкімдіктеріне өтеусіз негізде жалпы сомасы 400 млн теңгеге жуық жанар-жағармай ұсынды.

Бұдан бөлек, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының қызметкерлері 352 млн теңге көлемінде қаржылық көмек көрсетті.

Компанияның еншілес кәсіпорындары су тасқынына қарсы іс-шараларды жүргізуге атсалысып келеді. Осы бағытта 705 млн теңге қаражат жұмсалды. Арнайы техника бөліп, адамдарды тасымалдау үшін арнаулы автобустармен қамтамасыз етілді. Қайырымдылық жұмыстары жалғаса береді. [M](#)

Өнім

Қазақстандық полипропиленнің нарықтағы үлесі 75 %-дан асуы мүмкін

Мұндай бағаны «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» компаниясының маркетинг және сату жөніндегі директоры Данила Могилевцев «Argus» агенттігі ұйымдастырған «Қазақстан мен Орталық Азияның мұнай-газ нарығы 2024» конференциясы барысында баяндады.

Қазақстандағы полипропилен нарығының 2022 жылға дейін импортқа тәуелділігі жоғары болды. Оның үлесі 60-тан 95%-ға дейін еді. Ал KPI газ-химия кешені іске қосылған сәттен бастап импортқа тәуелділік айтарлықтай төмендеді. Бұл ретте 2024 жылдың қорытындысы бойынша елімізде полипропиленді қайта өңдеу саласының өсуі г/г 6 % – ға жетуі және полипропилен гомополимерін тұтыну 45,5-46 мың тоннаны құрауы мүмкін. Бұл отандық өңдеу өнеркәсібі үшін жаңа рекорд болатыны сөзсіз.

KPI компаниясы шығарылатын полипропилен маркаларының желісін белсенді дамытуды жалғастыруда. Бүгінгі таңда игерілген маркалардың төртеуі бұрын Қазақстанда өндірілмеген.

Сонымен қатар, KPI клиенттерге қызмет көрсету деңгейін арттыру біршама жұмыстар атқаруда. Серіктестерге ыңғайлы болу үшін KPI компаниясы өз клиенттеріне полимерлерді қайта өңдеу режимдерін реттеуге көмектесіп, клиенттер өндірісінің тиімділігін



арттыру бойынша мамандардың кеңестері бойынша техникалық сервис қызметтерін ұсынады.

Баяндама соңында Данила Могилевцев Қазақстанда полимерлерді қайта өңдеуді дамытуға бағытталған «Форсаж» бағдарламасының 4 бағытының маңыздылығын атап өтті.

«Форсаж» бағдарламасы полимерлердің барлық қайта өңдеушіге қолжетімді және қайта өңдеушілердің қуаттарын жүктеуге, отандық тауарлар экспортының өсуіне, импортты алмастыруға, қайта өңдеудің озық технологияларын енгізуге ықпал ететін шараларды қамтиды. [M](#)

Тағайындау

Жаңа қызмет зор жауапкершілік жүктейді

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Өзенмұнайгаз» АҚ ұжымына компанияның жаңа Бас директоры Жанболат Саймағанбетовті таныстырды.



Жанболат Саймағанбетов бұған дейін «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары болып еңбек етті.

ҚМГ басшысы сондай-ақ компанияның бұрынғы басшысы, Мемлекет басшысының Жарлығымен Маңғыстау облысының әкімі лауазымына тағайындалған Нұрдаулет Қилыбайға атқарған жұмысы үшін алғыс білдіріп, жаңа қызметте табыс тіледі.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС Серіктестік Жарғысына сәйкес Қатысушылардың сырттай кезектен тыс жалпы жиналысының № 2024-03 хаттамасының негізінде компания Басқармасының құрамына өзгерістер енгізілді:

Басқарма Төрағасы қызметіне Басқарма мүшесі – Бас директордың бірінші орынбасары лауазымын атқарған **Ринат Нұрғожаұлы Ізмұханбет** сайланды.

Ізмұханбет Ринат Нұрғожаұлы бұған дейін – «ҚМГ» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру басқармасының бастығы лауазымында болды.



Сондай-ақ, Басқарма мүшесі – Бас директордың бірінші орынбасары болып бұрынғы Басқарма төрағасы қызметін атқарған **Лю Шаоюй** сайланды. [N](#)

Теңізге жол ашқан дарабоз

«1»

Биыл Қазақстанды әлемге мұнайлы ел ретінде танытқан қара алтынның сандығы – Теңіз кен орнының ашылғанына 45 жыл. Бұл ретте, тәуелсіз еліміздегі мұнай саласының іргетасын қалаған тарихи тұлғаларды еске алмау, оларға тиісті баға бермеу – адамдыққа жат, азаматтыққа сын құбылыс. Осы салада өлшеусіз еңбек етіп, алдыңғы шептен табылған бірқатар орден мен марапат иесі, Қазақ КСР еңбегі сіңген мұнайшы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бөлекбай Сағынғалиұлы Сағынғалиев екені белгілі.

Бөлекбай Сағынғалиұлы 1911 жылы мұнай атқылаған атақты Доссор жерінде дүниеге келген. 1951 жылы Мәскеу мұнай институтын тәмамдайды. Елге оралған соң 9 жылдың ішінде шебердің көмекшісінен «Қазақстаннефть» мұнай және газ өндіру бірлестігінің басшысы лауазымына дейін жоғарылайды. ҚазКСР халық шаруашылығы кеңесі мұнай бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық комитеті ауыр өнеркәсіп бөлімі басшысының мұнай өндірісі жөніндегі орынбасары, 1969 жылы республикалық мұнай бірлестігі басшысының орынбасары болды. Ал 1971 жылы «Ембі» мұнай бірлестігіне басшы болып тағайындалып, 15 жыл бойы Солтүстік Каспий аймағындағы мұнай кен орындарының ашылуы мен ірі кен орындарындағы мұнай өндіру көлемін арттыруға өлшеусіз үлес қосты.

1971 жылы Оңтүстік Ембіде, Үстірт пен Маңғыстау түбегінде геологиялық-физикалық және геологиялық барлау жұмыстарын

күшейту кезінде Бөлекбай Сағынғалиев министрліктің Ембіге тұзасты шөгінділерін барлау үшін «Нижеволжскнефть» ӨБ Волгоградтағы басқармасынан үлкен экспедицияны жіберуіне қол жеткізеді. Ембілік мұнайшылармен салыстырғанда олардың өте терең ұңғымаларды бұрғылау (6000 метрге дейін) жағынан тәжірибелері едәуір-тын.

1976 жылдың 26 маусымында Теңіз тұз қабатының астындағы мұнайға қол жеткізу үшін 5500 метр жобалық тереңдікке алғашқы ұңғы бұрғыланды.

1979 жылы мұнай көмбесінің төбесі тесілді. Осы кездері Волгоградтан келген бригада тұзасты шөгіндісін ашты. Ал 19 желтоқсанда «Ембімұнайдың» арнайы тобы бригадамен бірлесе отырып, 10 минут ішінде ұңғыманы сынақтан өткізді. Дәл осы күн Теңіз кенішінің ашылған күні болып тарихта жазылды. Мемлекеттік «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Мақсат Қиыбаев осы тұстары Сағынғалиевтің Мәскеуден келген басшылықтың алдында баяндама жасап, өндіріс орнының болашағын айқындап бергенін алға тартады: «... Сол отырыстан кейін Орталық партия комитетінің «Батыс Қазақстанда мұнай және газ өндірісін дамыту үшін геологиялық барлау-бұрғылау жұмыстарын күшейту» деп аталған атақты № 522 қаулысы қабылданды. Оны өмірге әкелуде Бөкең тікелей атсалысты», – дейді ардагер мұнайшы.

№1 ұңғыма 1981 жылдың шілде-тамыз айларынан бастап толыққанды зерттеле бастады. Міне, сол кезде теңдессіз мұнай кен орнының ашылғаны туралы жер-жаһанға белгілі болды. Геолог ғалымдардың Теңіздің терең қабатында мұнай болуы мүмкін деген болжамдары расталды. Оң өзгерістің өндірістік әлеуетке ықпалын жеткізе отырып, Бөлекбай Сағынғалиев «Батыс Қазақстан мол мүмкіндіктері бар аумақ деп танылды. Соңғы жылдардағы барлау жұмыстарының нәтижесінде Каспий маңы ойпаты мен Ембіде мұнай өндірудің болашағы барын дәлелдедік. Ембіде және Батыс Қазақстанда мұнай өнеркәсібін дамытудың жаңа кезеңі басталуда. Теңіздің және басқа да кен орындарының тұзасты шөгінділерін қысқа мерзімде игеру халықтық-шаруашылық тапсырмаға айналды», – деп жазыпты 1981 жылғы «Прикаспийская коммуна» газетіндегі мақаласында.

Кейіпкеріміз қажырлы еңбекті әрқашан алға тартқанын жазады әріптестері. «Бөлекбай Сағынғалиевты неге феномен дейміз? Мұнай

кеніштеріндегі көп жылдық тәжірибесінің, қарымды қабілеті мен көзқарасының арқасында ол Ембімұнайды тізгіндеді. Оның таным-түйсігі, түсінігі жанындағылардан ерекшеленіп тұратын. Мәселені шешу үшін қабылдаған шешімдерін көпшілігі жақтыра бермейтін. Ол, тіпті, 10-12 сағаттап жиналыс жасап, күрмеуі байланған мәселелерді қалай шешу керектігін тәптіштеп түсіндіретін. Әрі сол мақсатқа жету жолында өзін де, өзгені де аямайтын, нәтижесінде қысқа уақытта Оңтүстік Ембі өңірінде ең ауқымды іздеу-барлау жұмыстарын ұйымдастырып үлгерді, – деп еске алады ардагер мұнайшы, «Құрмет» орденінің иегері Төлеген Байзақов

Бөлекбай Сағынғалиұлы Теңіз кен орнынан бөлек өңірдегі аудандарды да дамытуда өшпес із қалдырды. Осы кездері Балықшы барлау бұрғылау басқармасы құрылады, «Ембімұнайгеофизика» и «Ембімұнайқұрылыс» трестері пайда болады, автокөлік мекемесі, өндірістік-техникалық жабдықтау басқармалары, қосалқы бөлімшелер жұмысын бастайды.

Мұнай өндіру көлемі рекордтық көрсеткіштерге жетіп, 1970 жылғы 2,7 млн тоннадан 1980 жылы 4,5 млн тоннаға дейін көтерілді. 15-тен астам жаңа кен орны ашылып, барлауға берілді. Жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары жақсарды. Облыс орталығы мен мұнайшылар ауылдарында мыңдаған шаршы метр тұрғын үй салынды. Жайық жағасында «Бұрғышылар поселкесі» деп аталатын жаңа елдімекен (қазіргі Ақжар ауылы) бой көтерді: «... Егер Бөлекбайдың ынтасы болмағанда аталмыш кеніштің пайдасын анағұрлым кешірек көретін едік. Себебі ол кезде тұз астына бұрғы жіберу батылдық қана емес, батырлық еді: күшті қысымды бұғалықтайтын, болатты балқытатын ыссылыққа шыдайтын, күкіртке төзімді құрал-сайман болмайтын», – деп еске алады С.Мұқашев өз жазбасында.

«Б.С. Сағынғалиевтің Қазақстанның, туған өлкесі Атыраудың өсіп-өркендеуіне қосқан айтулы үлесі қазіргі таңда, атап айтқанда, қазақ мұнайының 125 жылдығы мен Теңіз кен орнының 45 жылдығы қарсаңында ескерілуі керек», – дейді сала ардагерлері. «Соның ішінде бірнеше жылдан бері нәтижесі көрінбей келе жатқан Мұнайшылар саябағын ашу – өте дұрыс шешім. Сол саябаққа Сағынғалиевтің есімін беріп, мүсінін орнатса, қастерлі іс болар еді», – дейді қоғамдық бірлестіктің Атыраудағы филиалы директоры Мақсым Ізбасов.



Мұнайшылардың үлкен паркін салу бұл олқылықтың орнын толтырады анық. Осы жерде еліміздегі мұнай өнеркәсібінің пайда болуы мен дамуының алғашқы кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі бүкіл тарихын ақпараттық экспозициялар мен аллеяларда көрсетуге болар еді. Сол жерде Социалистік Еңбек Ерлері, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары Сафи Өтебаевтың, Жолдасқали Досмұхамбетовтың, Бөлекбай Сағынғалиевтың, Мақаш және Нұрлан Балғымбаевтардың, Қуаныш Құдабаевтың және тағы басқалардың есімдері мәңгіге жазылған еді. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысы кезінде майданға кеткен мұнайшы ерлерінің орнын басып, мұнайшының ауыр еңбегін қажымай атқарған аяулы аналарымыздың да есімдері түсер еді.

Б.С. Сағынғалиев 2009 жылы өмірден өтті. Ол кісі туралы айтылған мадақтау сөз, әлбетте, көп. Соның ішінде КСРО Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төрағасы Н.К. Байбаковтың 1985 жылдың жазында Теңіз кен орнына сапарынан кейін айтқан мына сипаттамасы ойып орын алатыны хақ.

Жиналыс соңында: «Сіз – нағыз патриотсыз, өз ісіне берілген жансыз. Өз халқын, жерін сүйетін, оның мұрасы мен байлығын мадақтайтын адам сіздей болсын!» Міне, еліне адал қызмет еткен Тұлғаның ардақты есімін әріптестері осылайша еске алады. «Адал еңбек зор құрметке бөлейді» деген – осы. **MI**

Ізденіс

SERPİN жастарға жаңа серпін бермек

«Ембімұнайгаз» АҚ-да компанияның белсенді, болашағынан зор үміт күттіретін 28 жас маманы кәсіби және тұлғалық өсуге ықпал ететін дағдылар мен қасиеттерді шыңдау мақсатындағы «Серпін» жобасын бастады. Жоба аясында қолға алынған модульдік оқыту биыл екінші жыл қатарынан жүзеге асып отыр.

Өткен жылы да 28 жас қызметкер осы бағдарламадан өтті. Осылайша, 3 модульден құралған жоба өз тиімділігі мен маңыздылығын дәлелдеді.

«Ембімұнайгаз» Бас директоры Сәбит Арынов алғашқы модульдің қорытынды бөліміне қатысып, жобаға қатысушы ембілік жас мамандарға сәттілік тіледі. «... Бұл жоба – Ембімұнайгаздың даму стратегиясында көзделгендей, мекеме басшылығы, соның ішінде, HR қызметінің компанияның басты және құнды ресурсы саналатын қызметкерлердің кәсіби дамуы мен өсуіне деген оң көзқарасы болатыны сөзсіз. «Серпін» біржақты жоба емес. Аталған жоба белсенділікті талап етеді. Яғни, әрбір

қатысушы тек лекцияларды тыңдап қана қоймай, оны қабылдап, ойлау, саралау, талдау, шығармашылық қабілеттерін қосу арқылы өзінің бойындағы көшбасшылық, белсенділік және ұйымдастырушылық қасиеттерін көрсете алады, – деді Компания Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев.

Биылғы бағдарлама 5 модульден тұрады. Жас мамандар жобадан алған білімі мен жинайтын тәжірибе жұмыспен қатар, өмірлеріне де аса қажет болатынын сенімділікпен айтады.

Атырау қаласынан бастау алған жобаның алғашқы кезеңінде «Жеке тиімділік. Көпшілік алдында сөйлеу» тренингіне қатысты. Тренер Алуа Ахмет жүргізген тренинг басшылық құрамның және команданың мықты мүшесі үшін табысты және тиімді жұмыс істеудің түрлі тәсілдерін бойға сіңірді. Ең бастыларының бірі, бұл – жеке тиімділік дағдыларын дамытуға бағытталатыны. Бұл бүгінгі тәжірибе мен білімге ең керек құрал.

Айта кетейік, кейінгі модульдер Алматы, Ақтау, Астана қалаларында өтіп, қорытынды тренинг Атырау қаласында ұйымдастырылады. Бұл үшін шараға арнайы білікті тренерлер шақырылды.

Жобаға қатысушы ембілік жас мамандарды алда көптеген қызықты жан-жақты даму

сағаттары күтіп тұр. Ал, берілген жүктемені ойдағыдай атқару үшін бастысы, жоба тақырыптарына толық еніп, жан-жақты ашылып, белсенділікте болу талап етіледі.

Бүгінгі таңда әрбір адам өзінің негізгі мамандығы бойынша білімімен қатар тиімді

коммуникативті дағдыларға, ақпаратпен жұмыс істей білуге, кез келген жағдайға тез бейімделуге, өз эмоцияларын басқаруға, өзгелермен конструктивті қарым-қатынас орнатуға қабілетті болуы керек. «Серпін» жобасының негізгі мақсаты да осы болып отыр. **MI**



Меже

«Қаражанбасмұнай» тағы бір белеске шықты



Осыдан жарты ғасыр бұрын Бозашы түбегінен орын тепкен Қаражанбас кен орнында алғашқы мұнай фонтаны атқылады. Алдымен тарихқа сәл шегініс жасасақ, 1974 жылы Бозашы даласына зерттеу жүргізуді бастаған Әділ Нұрмановтың жетекшілігіндегі геологтар тобы барлау жұмыстарына кірісуді жоспарлаған еді. Ол кезде Бозашы жағалауында әлі мұз қатпаған, сол жылы қыс өте жылы болды. Осылайша, бұрғылау жұмыстары басталып кетті. Еңбек еш кетпей, 26 қаңтар күні түн ортасында, 303 метр тереңдіктен қуатты мұнай фонтаны атқылады. Алғашқы ұңғымаға К-12 деген атау берілді.

Міне, осы уақыттан бері Бозашы түбегінің солтүстік-батыс шетінде орналасқан «Қаражанбас» кен орнында мұнай өндіріп келеді. Көп ұзамай, 1977 жылғы іздеу-барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша жаңа кен орнының мұнай мен газ қоры есептелді. Жоба КСРО-ның қор жөніндегі мемлекеттік комитетінде бекітілді. Бірақ, өндіруге қатысты туындаған күрделі мәселелердің салдарынан кедергілер де орын алды. Сынамалар мұнайдың «ауыр» екенін көрсетті. Мамандар мұнай игерудің жаңа тәсілдерін іздестіре бастады. Ұзақ және табанды зерттеулер нәтижесінде термиялық әсер ету технологияларын қолдану туралы шешім қабылданды.

Бұл жұмыстар әрі қарай да жалғасын тапты. 1980 жылы кен орнын Краснодарлық Мұнайды қалпына келтіру және ұңғыманы жөндеу басқармасы игере бастады. 1982 жылдың желтоқсан айынан бастап Краснодар МҚЖҰЖБ цехы негізінде, Қаражанбас мұнайды қалпына келтіру және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасы құрылды. Араға төрт жыл салып, 1986 жылы «Қаражанбастермнефть» Мұнай және газ өндіру тәжірибелік басқармасы болып қайта құрылды. Кен орнындағы өндіріс 1980 жылы өркендей бастады. Төрт жылдан кейін Қаражанбаста алғашқы миллион тонна мұнай өндірілді. Қарқынды бұрғылау және термиялық әдістерді қолдану арқылы 1990 жылы Қаражанбас өндірісі жылдық максималды көрсеткіш, яғни, 1 300 мың тоннаға жетті.

Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, нақтырақ айтсақ, 1994 жылдың ақпанында «Қаражанбасмұнай» Акционерлік Қоғамы

құрылды. 1996 жылдың аяғында Канаданың «Triton – Buko Energy Group» LTD (кейінірек «Nations Energy Company» LTD болып өзгертілген) фирмасы компанияны толықтай өз меншігіне өткізді. 2007 жылдың қаңтар айында Қытайлық «CITIC» және «ҚазМұнайГаз» компаниялары «Қаражанбасмұнай» акцияларын толық сатып алды. «Қаражанбасмұнай» АҚ негізгі қызметі – көмірсутек шикізаты кен орнын игеру. Мұнда мұнайды қалпына келтірудің термиялық әдісін қолдану, яғни жер қабатына бу-термиялық әсер ету әдістері жүзеге асырылады.

50 жыл ішінде Қаражанбас кен орны жан-жақты дамып, «Қаражанбасмұнай» еліміздің маңдайалды мұнай компанияларының біріне айналды. Мұндағы мыңдаған мұнайшы ел ырысын еселеп, экономикамыздың дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Өндірістік әлеуетіне тоқталсақ, компанияға өңірдегі мұнай өндірісінің 12%, ал Қазақстан бойынша 2,5% үлесі тиесілі. Қаражанбас мұнайының құрамы – жол битумын өндіретін таптырмас шикізат. Кен орнының қолайлы географиялық орналасуы өндірілген мұнайды әлемдік нарыққа тиімді тасымалдауға зор мүмкіндік береді. Логистикалық жағынан табиғи мүмкіндік бар.

Сандарды сөйлетсек, соңғы 5 жылда Қаражанбаста мұнай өндірісі көлемі айтырлықтай артқанын байқауға болады. Мұнайшылардың қажырлы еңбегі арқасында 2019 жылы – 2 164 000 тонна, 2020 жылы – 2 002 000 тонна, 2021 жыл – 2 096 000 тонна, 2022 жылы – 2 141 800 тонна, 2023 жылы – 2 053 000 тонна мұнай сәтті өндірілді.

Бытыр мұнайды экспортқа тасымалдау жұмыстары да кестеге сәйкес уақытылы жүргізілді. Қаражанбас кен орнынан ішкі нарық – «CASPI BITUM»БК» ЖШС-не мұнай жеткізу 853 000 тонна, жол битумын өндіру және жөнелту көлемі 357 000 тоннаны құрады.

Өткен жылғы есеп бойынша геологиялық қор 313 381 мың тонна, алынатын қорлар – 96 360 мың тонна болып бекітілді. 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда қара алтынның геологиялық қоры 2 404 мың тоннаға, ал алынатын қорлар 663 мың тоннаға ұлғайды. Бұл кен орны болашағының жарқын екенінің көрсеткіші.

Компания штатындағы және басқа да қызмет көрсету ұйымдарының қызметкерлерін қоса алғанда, Қаражанбас кен орнында 7 мыңнан астам жұмысшы еңбек етеді.

Компанияның басты қағидаттары мен құндылықтары – қызметкерлер өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, өзара қарым-қатынаста сыйластық пен сенім, шешім қабылдаудағы әділеттілік, жұмыс кезіндегі ашықтық және нәтижеге деген жауапкершіліктен тұрады. Бұл мекеменің негізгі кредосы. Кадрларды жан-жақты дамыту, қызметтік жетілдіру жұмыстары да жүйелі атқарылып келеді. Жыл сайын

«Қаражанбасмұнай» АҚ қызметкерлерінің 50%-дан астамы әртүрлі кәсіби қайта даярлау бағдарламалары бойынша семинарлар мен тренингтерге қатысып, біліктілігін арттырып отырады.

Компанияда мұнайшылардың шеберлігін шыңдау және еңбек ұжымын үздік нәтижелерге жетелеу мақсатында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы өткізіледі. Байқаудың ішкі іріктеу кезеңінде жүзден жүйрік атанғандар республикалық кезеңге қатысады. Жарыста мұнайшылар алдымен қауіпсіздік техникасы мен өз қызметіне қатысты тест тапсырып, екінші кезеңде практикалық тапсырма орындайды. Аталмыш додада Қаражанбас жұмысшылары шеберлігін паш етіп, бірнеше жыл қатарынан үздіктер арасында топ жарып жүр.

Компанияның 35 жасқа дейінгі қызметкерлері «Қаражанбасмұнай» АҚ «Жас маман кеңесі» құрамына кіреді. ҚБМ жас мамандары 10 жылдан астам уақыттан бері компания дамуындағы өндірістік міндеттерді орындаумен қатар, өңірдегі қоғамдық-мәдени, спорттық шараларға, қайырымдылық және экологиялық акцияларына белсенді қатысады.

«Қаражанбасмұнай» АҚ әлеуметтік жауапты компания ретінде жұмысшылардың, олардың отбасы мүшелері мен балаларының демалысына ерекше көңіл бөледі. Жыл сайын жоспарлы түрде өткізілетін арнайы медициналық тексерулер қорытындысына сәйкес, қызметкерлерге курорттық санаторлық ем тағайындалады. Сондай-ақ мұнайшылардың 7-14 жас аралығындағы балаларына жазғы демалыс лагерлеріне жолдама беріледі.

Өндіріс алаңында қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау – басты талап екені белгілі. Қызмет барысында жазатайым оқиғалардың, апаттар мен өрттердің алдын алу ең алдымен жұмысшылардың өндірістік қауіпсіздік бойынша білімі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты екенін тәжірибенің өзі көрсетіп отыр. Еңбек жағдайларын жүйелі түрде жақсартуға, өндірістік жарақаттанудың және жұмысшылардың кәсібіне қатысты аурулардың алдын алу сияқты бірқатар мәселелерге бағытталған еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатты іске асыру үшін басшылық іс-шаралардың орындалу барысын үнемі бақылауда ұстайды. Соның нәтижесінде 2023 жылы «Қорғау» бағдарламасы бойынша қауіпті жағдайлардың алдын алып – 555 «Қорғау картасы» өңделді, 38 қауіпті жұмыс тоқтатылды. Сондай-ақ тарихи мұнаймен ластанған 63,6 гектар, яғни 213 мың 674 тонна топырақ қалпына келтірілді.

Жұмысшылардың еңбек және әлеуметтік жағдайларын жақсарту – басым бағыттардың бірі. Соңғы екі жыл көлемінде ҚБМ автопаркін жаңарту жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Бағдарлама аясында кен орнына

жүздеген арнайы техника сатып алынды. Бұдан бөлек, №4 жатақхана аумағын кеңейту аясында 192 орындық төрт блоктан тұратын модульдік жатақхана құрылысы басталды. Өндірістік цехтардағы кеңселер мен санитарлық бөлмелерге, вахталық кенттегі жатақханаларға жоспар бойынша толықтай күрделі жөндеу жүргізіліп келеді.

Қаражанбас еңбек ұжымында өндіріс пен спортты қатар алып жүрген жұмысшылар да аз емес. Жақында ғана Тайвань елінде кір тасын көтеруден өткен Азия чемпионатында №3 мұнай өндіру цехының операторы Нартай Алтыбаев пен технологиялық көлік департаментінің тиегіш көлік жүргізушісі Айдын Ахметов алтын медаль қанжығалап үш дүркін Азия чемпионы атанды. Кір тасын ұршықша иіретін чемпиондар талай жылдан бері облыстық, республикалық жарыстарда шашасына шаң жұқтырмай, екі рет Әлем чемпионы атағын абыроймен қорғады.

Ал самбо спорты бойынша Азия және Океания чемпионатында Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің шебері Сәндібек Дүйсенбеков пен технологиялық көлік департаментінің цементтеуші агрегат моторисі Бауыржан Есболаев жарқын жетістігімен көзге түсті. Сәндібек қола медаль иеленіп үздік үштіктен көрінсе, Бауыржан алтын жұлдеге лайық өнер көрсетіп, Азия чемпионы атанды.

Компания жұмысшылары табиғи апат салдарынан ел басына күн туған шақта да белсенділік танытты. Атырау облысында көмекке аттанған қаражанбастықтар Индер ауданында бөгет салу жұмыстарына кірісті. Арнайы техника көмегімен олар Жайық өзеніне жақын орналасқан ауылдарға қорғанысты нығайтты.

Айта кетейік, компания су тасқыны салдарынан табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланған Атырау облысына қаржылай көмек, арнайы техникалар мен жұмысшылар жіберді. Мұнайшылар жағдай тұрақталғанға дейін елді мекендерде болып, үздіксіз жұмыс істеді.

Түйіндей айтсақ, «Қаражанбасмұнай» АҚ – бұл қазыналы түбектен қара алтын өндіру жолында мыңдаған мұнайшы уақытпен, күн райымен санаспай адал еңбек етіп келе жатқан үлкен отбасы іспетті. Қаражанбастықтардың бірлігі мен ісіне адалдығы арқасында компания әлі де талай асудан асып, белестердің биігінен көрінері хақ. 50 жыл тарих үшін көп уақыт болмауы мүмкін. Алайда мұнда сала ардагерлері мен олардың жолын жалғап келе жатқан жұмысшылар буынының ел экономикасын өрге домалатуға деген айқын мақсаты мен жарты ғасырлық маңдай тері жатыр. **М**




Серпінді даму бағыттары

Компанияның қаржы-өндірістік дамуына тікелей әсер ететін факторлар болады. Солардың бірі – аралық, мерзімдік стратегиялық жобалар құру. Осы есептеулер арқылы алдағы міндеттер мен оларға жету жолдарын анықтауға болады. Орнықты дамуға бет алған компанияның ішкі және сыртқы дамуының баланстары, қызмет түрлері мен басқа да құндылықтары белгілі бір шарттар арқылы жүзеге асады. Төмендегі графикалық кестеде Орнықты даму жолындағы ҚМГ стратегияларына тоқталамыз

Сыртқы және ішкі сын-қатерлерді ескере отырып, ҚМГ мұнай, мұнай-химия және жасыл жобалар арасындағы теңдестірілген стратегияны іске асырады.

ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ



БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ



ҚазМұнайГаз дивидендтерін қалай алуға болады?

**1**

Брокерлік шоттың болуы және ҚМГ жай акцияларына иелік ету

**2**

Дивидендтер төлемінің басталуын күтіңіз

Дивидендтер сіздің брокерлік шотыңызға автоматты түрде түседі


3

Дивидендтерді жеке банк шотыңызға аударыңыз немесе оларды бағалы қағаздарды сатып алуға жұмсаңыз

**4**

ҚазМұнайГаз дивидендтерін Tabys қосымшасында қалай алуға болады?


Дивидендтер ҚазМұнайГаз акцияларын Tabys қосымшасында сатып алып, қосымшада басқаратын инвесторлардың ақшалай шотына автоматты түрде түседі. Tabys-тағы ақша шоты — бұл қолданба ішіндегі әмиян. Инвестор бұл қаражатты өз қалауы бойынша банк картасына аудара алады.



Түскен дивидендтерді Tabys қосымшасынан банк картасына қалай аударуға болады?

1. Tabys қосымшасының басты бетінде IPO (Менің Акцияларым/ Облигацияларым) бөлімін ашу
2. Қосымшада қаражатты шешіп алуға өтінім жіберу. Өтінім орындалған соң, қаражатыңыз Tabys-та тіркелген банк картаңызға түседі

Маңызды ақпарат!



! Tabys қосымшасы транзакция үшін ешқандай **КОМИССИЯ АЛМАЙДЫ**. Алайда банк не төлем жүйесі өз комиссиясын алуы мүмкін, сондықтан оның мөлшерін алдын ала банктен анықтап білуіңізді сұраймыз.

! Егер өтінім жұмыс күні 16:00-ге дейін жіберілсе, **СОЛ КҮНІ** орындалады.

! Егер өтінім 16:00-ден кейін немесе демалыс күні жіберілген болса, **КЕЛЕСІ ЖҰМЫС КҮНІ** орындалады.

Дивидендтің шотыма түскенін қалай білемін?



Сізге пуш-хабарлама келеді.

IPO
Құрметті __, Т __ мөлшерінде ҚМГ дивидендтері сіздің Tabys шотыңызға түседі.
12:53

Назар аударыңыз! «ҚазМұнайГаз» атынан алаяқтар қазақстандықтарға компанияның акцияларына немесе инвестициялық жобаларына ақша салуды ұсынып, тез пайда табуға уәде береді. Алаяқтардың арбауына түспес үшін «ҚазМұнайГаздың» бағалы қағаздарын тек лицензиясы бар брокерлік компаниядан сатып алу керектігін еске саламыз. Брокердің лицензиясы бар-жоғын ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің веб-сайтынан анықтауға болады.

Дисклеймер: Нұсқаулықтағы ақпарат таныстыру мақсатында берілген, техникалық немесе кез келген басқа мәселелер туындаған жағдайда, оның ішінде Tabys қосымшасы арқылы дивидендтер алу мәселелері бойынша Tabys қолдау қызметіне хабарласуыңызды сұраймыз.

Жауапкершілік

Ембі кен алаңдары жаңа жедел жәрдем көліктерімен толықты

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты кен орындарына 4 жедел жәрдем көлігі алынды. Бұл көліктер оқыс оқиға болған жағдайда дәрігерлік құрамның шұғыл медициналық көмек көрсетуіне мүмкіндік беріп, ауруханаға дейінгі тасымалдау кезеңінде науқастың жағдайын бақылауға арналған.



Заманауи үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған «Соболь» көліктерінің бір ерекшелігі, жол талғамайтындығы. Сонымен қатар, алғашқы реанимациялық іс-шараларды жүргізумен қоса, жедел жәрдем көліктері оттегі баллондарымен, бейнетіркеу, рация жүйесі және басқа да құрылғылармен қамтылған.

Жұмысшылардың өмірі мен қауіпсіздігін басты назарда ұстайтын компания жаңадан келген көліктерді «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның «Каспий самалы» вахталық қалашығына және Терең-Өзек кен орнына, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Кенбай кенішіне және «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Солтүстік Жолдыбай кен алаңына жіберілді.

Айта кету керек, бұған дейін алынған осындай үлгідегі медициналық 3 көлік «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Б. Жоламанов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Комсомол және Қарсақ кен орындарында қызмет етуде. Түйіндей айтсақ, биылғы жылдың өзінде Ембі кен алаңдары 7 жаңа жедел жәрдем көлігімен толықты. Мұның барлығы жұмыс тиімділігін арттырып ғана қоймайды, қызметкерлердің мекеме болашағына деген сенімділігін арттыратыны сөзсіз. **М**



Даму

Сапа саласындағы тарихи жетістік

«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС «Мұнай және газ өнеркәсібіндегі қызмет жеткізуші ұйымдарға арналған сапа менеджменті жүйесінің талаптары, API Q2 стандарттарына сәйкестігін дәлелдеген еліміздегі алғашқы компания, ал дүниежүзі бойынша 205-ші болып тіркелді.

Бұл жетістік «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының 2022-2031 жылдар аралығына арналған «Даму» стратегиясының бекітілуінен басталды. Ұлттық компания, өз тарапынан, қоғамдық қажеттіліктерді ескере отырып, мұнай өнімдерімен қатар сервистік бағытты жақсарту саясатын ұстанды. Осылайша, стратегияда API Q1 және Q2 спецификацияларын мұнай-газ саласындағы еншілес, тәуелді компанияларына енгізуді көздеді. Бұл жерде API Q1 ерекшеліктері мұнай-газ саласында өндіруші мекемелерге қолданылатын сапа менеджментінің құралы екені белгілі.

«Маңғыстауэнергомұнай» мекемесі «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы бекіткен

стратегиялық бастамаға жету жолында, 2022 жылы Америкалық мұнай институтымен келісім-шарт жасасқан болатын. Осы құжаттың аясында 2023 жылы, API тарапынан екі кезеңнен тұратын сертификациялық аудит тағайындалды. Осылайша, бірінші кезеңі шілде айында, ал келесі кезеңі қараша мен желтоқсан айлары аралығында өтті.

Оған дейін, «Маңғыстауэнергомұнай» мекемесі өз күшімен, 2022-23 жылдар аралығында мекеменің менеджмент жүйесіне API Spec Q2 талаптарын интеграциялау жұмыстарын жүргізіп, ішкі аудит өткізген болатын.

Соның нәтижесінде: өндірістік процестерге қатысты 24 ұсыныс шығарып, сапа талаптарына сәйкес келмейтін 35 жағдайды анықтады. Сәйкесінше, жедел түрде жүйелі өзгерістер енгізу шаралары жүргізіле басталды. Интеграциялау жұмысы барысында Сапа саласындағы саясаттан бастап, 20 – дан астам ішкі нормативтік құжаттар қайта қаралып, 40 – тан астам нормативтік құжаттар бекітілді. Нәтижесінде, біраз мәселе өз шешімін тапты.

Сапалы нәтижеге жетудің жолында бірігіп қызмет атқарудың арқасында сертификациялық аудит сәтті өтті. Халықаралық дәрежедегі аудитор-

лар мекемеге өте жоғары баға берді. Олар 12 жылдық тәжірибесінде алғашқы аудитте «Маңғыстауэнергомұнай» көрсеткендей жақсы нәтижеге жеткен компанияның өте аз болғанын атап айтты. Сертификациялау процесінің шешуші кезеңінде, яғни, 30 сәуірде, сертификатқа қол жеткізді. Осылайша, «Маңғыстауэнергомұнай» мекемесі, Ұлттық компанияның стратегиялық бастамасын орындау мақсатына өз үлесін қосты.

Осы талаптарды жүйеге интеграциялау арқылы «Маңғыстауэнергомұнай» мекемесі бірқатар артықшылықтарға ие болғанын да айта кеткен жөн. Мәселен:

- әр қызмет түріне, жеке «Қызмет көрсету сапасының жоспары жасақталды» – Нәтижесінде мекеменің тұрақты түрде сапалы қызмет көрсетуін күтуге болады. Себебі, қызмет сапасын қамтамасыз етудің барлық аспектілері реттелген, сапа тиімді басқарылады;

- қызмет көрсету кезеңдеріне сәйкес әртүрлі бағалау шаралары жүріп тұрады. Нәтижелері талдаудан өтіп, тиісті жүйелі өзгерістердің енгізілуі қамтамасыз етіледі;

- қызмет көрсетудің қай кезеңінде болмасын, жобалау, тауар жеткізуші мердігерді

таңдау, қызмет көрсетуге қажетті тауарды қабылдау, қабылданған тауардың жағдайын жүйелі түрде бақылау, техника мен құрал-жабдықтардың қауіпсіз болуын, қойылған тапсырмаға сай болуын алдын-ала тексеруге ерекше назар аударылады. Осындай жұмыстардың барысында көрсетілетін қызметтің қауіпсіз, әрі нәтижелі болуы үшін оған әсер етуі мүмкін тәуекелдерді басқарудың мейлінше кәсібиленген тәсілі енгізілді.

Осының барлығының қосындысы мекеменің әлеуметтік тұрақтылығын, экологиялық зардаптардың алдын-алуын, өндірістік процестердің оңтайландырылуын, экономикалық көрсеткіштердің жақсаруын қамтамасыз етіп қоймай, оның үздіксіз, ауытқусыз қызметінің кепілі болады.

«Маңғыстауэнергомұнайгаз» компаниясы ұзақ жылдар бойы энергетикалық нысандарының құрылысы, қызмет көрсету-жөндеу жұмыстарын «Маңғыстауэнергомұнай» компаниясына сеніп тапсырып келеді. Тапсырыс берушінің тарапынан қойылған жоғары талаптар – үнемі жетілуге және жаңа биіктерге жетуге ынталандырушы фактор болды. **М**



Ответственность

КМГ отметил Всемирный день охраны окружающей среды

Ежегодно 5 июня во всем мире отмечают Всемирный день окружающей среды.

В 1972 году Генеральная Ассамблея ООН объявила этот день Всемирным днем окружающей среды, тем самым отмечая первый день Стокгольмской конференции по проблемам окружающей человека среды. Другая резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей в тот же день, привела к созданию Программы ООН по окружающей среде. С тех пор уже 52 года подряд отмечается данный праздник с акцентом на различные экологические проблемы. К примеру, 1986 год был посвящен теме «Дерево ради мира», 2003 год выбрана тема «Вода: два миллиарда людей в ней остро нуждаются!» в поддержку Международного года защиты пресной воды, 2015 год под девизом «Семь миллиардов желаний. Одна планета. Потребляй бережно», 2019 год – «Бой загрязнению воздуха» и т.д.

В 2024 году Программа ООН по окружающей среде (ЮНЕП) объявила о том, что празднование Всемирного дня окружающей среды посвящено вопросам восстановления земель, повышения устойчивости к засухе и опустыниванию.

Согласно Конвенции ООН по борьбе с опустыниванием, 40 % земель планеты деградирует, что непосредственно затрагивает половину населения планеты. С 2000 года количество и продолжительность засух увеличились на 29 %. Если не принять срочных мер, то к 2050 году от засух могут пострадать более 75 % населения планеты.

В свою очередь, Департамент охраны труда и окружающей среды КМГ предпринимает все усилия во благо благоприятной окружающей

среды в регионах присутствия, курируя вопросы управления выбросами, отходами и водными ресурсами дочерних и зависимых организаций.

Так, актуальной задачей, стоящей перед экологической службой КМГ на сегодня, является ликвидация исторических отходов и очистка нефтезагрязненных земель. По итогам 2023 года было утилизировано 1 млн. 145 тысяч тонн исторических нефтеотходов, а в период с 2018 по 2023 год на территории Озенмунгайгаз, Мангистаумунгайгаз, Каражанбасмунай, Эмбаумунгайгаз и Казахтуркмунай было утилизировано 3 млн. 300 тыс. тонн исторических нефтеотходов.

Валовые выбросы загрязняющих веществ в атмосферный воздух по группе компаний КазМунайГаз, за 2023 год составили 119,5 тыс. тонн, что ниже на 1% в сравнении с 2022 годом, выбросы были осуществлены в рамках разрешенных лимитов. Полезное использование сырого газа, по итогам 2023 года составило 98,9 %. При этом объем сожженного газа в факелах составил 33 млн. м³. Интенсивность сжигания составила 1,4 тонны на тысячу тонн углеводородного сырья. В целом, за последние семь лет объем и интенсивность факельного сжигания сырого газа сократился на 89 %.

Активно и постоянно работники Управления охраны окружающей среды КМГ принимают участие в нормотворческой деятельности – входят в составы рабочих групп в рамках работ по обсуждению и подготовке мотивированных предложений в экологическое и водное законодательство, а также состоят в технических рабочих группах по разработке справочников по наилучшим доступным техникам.

В 2023 году, с учетом предложений КМГ и неоднократных обсуждений с Министерством



экологии внесены изменения в Экологический кодекс в части возможности получения отдельного экологического разрешения на строительство и эксплуатацию, а также проведения общественных слушаний до подачи проектных материалов на экологическую экспертизу и сокращения сроков проведения государственной экологической экспертизы. Это снижает риски несвоевременного получения экологического разрешения на строительство-монтажные работы и бурение скважин отдельным разрешением, не затрагивая экологические разрешения на текущую производственную деятельность. Поправки в Закон вступили в силу с 5 сентября 2023 года. Внесены соответствующие изменения в подзаконные акты.

В рамках технических рабочих групп по разработке справочников по наилучшим доступным техникам «Добыча нефти и газа» и «Переработка нефти и газа» проведена работа по снижению рисков для нефтегазовой отрасли путем внесения корректировок в проект Справочника НДТ «Добыча нефти и газа» (исключения метана из перечня маркерных веществ, периодичности производственного мониторинга веществ, закачиваемых для ППД, обязательств по использованию закрытых факелов и др.) и пересмотр технологических нормативов по Справочнику НДТ «Переработка нефти и газа» в целях реализации проекта по доочистке стоков АНПЗ. Предложения КМГ частично приняты в сторону смягчения нормативов (в первоначальной версии было 18 наименований загрязняющего веществ, стало 2).

Каждый год перед нами встают новые вызовы и возможности в сфере новых технологий и решений в сфере охраны окружающей среды.

ОСНОВНЫЕ ЗАДАЧИ НА ТЕКУЩИЙ ГОД ВКЛЮЧАЮТ В СЕБЯ:

- Продолжение работы по внедрению «Автоматизированной информационной системы экологического мониторинга»;
- Завершение работ по установке Автоматизированной системы мониторинга эмиссий НПЗ;
- Утверждение программы управления водными ресурсами.
- Продолжение работы по восстановлению «исторических» нефтеотходов
- Утверждение Стандарта по управлению отходами
- Разработка Программы по снижению выбросов
- Озеленение территории ДЗО.

Проводя указанную работу, мы больше понимаем, что Всемирный день окружающей среды – это повод для каждого из нас задуматься о личной ответственности за состояние окружающей среды и повод выразить почтение тем, кто сделал сохранение природы делом своей жизни. **NI**



Ізгілік

Экологиялық таза авиакеросин нарығын зерттеу аясындағы қорытынды жұмыс кездесуі өтті

«ҚазМұнайГаз» ғимаратында Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің қаржылық қолдауымен ҚМГ мен «Эйр Астана» компанияларының бірлескен бастамасы аясында экологиялық таза авиациялық отын – SAF өндірісінің келешегін зерттеу бойынша қорытынды жұмыс кездесуі өтті. Бұл жұмыс британдық ICF SH&E Limited компаниясымен жүргізілді. Шараға Қазақстанның Авиациялық әкімшілігі қолдау көрсеткенін айта кеткен жөн.

Кездесуде ICF SH&E Limited кеңесшілері жалпы зерттеудің негізгі нәтижелерін ұсынды. Авиация саласындағы жаһандық және жергілікті декарбонизация стратегиялары зерттеліп, авиациялық қауымдастықтағы CO2 шығарындыларын азайту үрдісі анықталды. Сонымен қатар, SAF нарығын зерттеу нәтижелері, атап айтқанда, сұраныс сценарийлері, SAF

өндіруге арналған шикізаттың қолжетімділігі талданды. Сертификатталған технологияларды бағалау жүргізіліп, шикізаттың қолжетімділігін ескере отырып, ең перспективалы технология анықталды. Технологиялық лицензиарлардың мәліметтері негізінде

жобаның толық техникалық-экономикалық бағалауы жүргізіліп, тұрақты авиациялық отынды өндіруге болатын орындар қарастырылды. Кеңесшілер SAF нарығын қолдау және реттеу саясатын реформалау бойынша өз ұсыныстарын айтты.

Кездесудің қорытынды кезеңінде кеңесшілер КМГ мен «Эйр Астана» арасындағы offtake-келісімшарт жобасын, сондай-ақ SAF сатып алуға арналған offtake-келісімшарт жасасу жөніндегі нұсқаулық ұсынды. **NI**



Вот и лето пришло: мероприятия для детей работников «Казгермунай»

В период летних школьных каникул «Казгермунай» традиционно проводит корпоративные мероприятия для детей работников, а также организует их отдых в оздоровительных лагерях.

В честь Международного дня защиты детей в просторном игровом зале развлекательного комплекса «KIDS PARK», арендованном компанией на весь день, прошло четыре сеанса праздничного мероприятия для 280 ребят в возрасте от 5 до 12 лет. Детей ждали аттракционы, развлекательная программа с аниматорами, конкурсами и призами. На первом этаже комплекса был накрыт праздничный дастархан. Кроме того, 800 детей работников в возрасте до 14 лет получили от компании памятные подарки.

19 июня завершился первый поток в оздоровительном лагере «Ақ бұлақ» в г. Алматы, где отдохнуло 45 детей работников «Казгер-

мунай». Всего же в этом сезоне компания планирует обеспечить путевками более 400 детей сотрудников по двум направлениям: г. Алматы и г. Кокшетау.

22 июня прошла интеллектуально-развлекательная игра «Головоломка» среди семей работников с детьми в возрасте от 7 до 14 лет. Команды, в каждой из которых было по 4 участника: папа, мама и двое детей соревновались в знании истории родного края и Казахстана, отвечали на вопросы по географии, литературе и логике. Победители и призеры конкурса получили не только отличные эмоции и настроение, но и подарочные сертификаты для приобретения бытовой/офисной техники.

Не забыло товарищество и о воспитанниках Детской деревни семейного типа «Атамекен». Дети из дома «Байконур» на регулярной основе получают спонсорскую поддержку от «Казгермунай». Этим летом компания приобрела для дома «Байконур» необходимую бытовую технику и накрыла для детей праздничный дастархан. **М**



Калейдоскоп

Экологическое воспитание: конкурс детских поделок «Жасыл ел» на ПНХЗ

На Павлодарском нефтехимическом заводе прошёл детский конкурс, приуроченный ко Дню защиты детей и Всемирному дню охраны окружающей среды. Дети сотрудников предприятия смогли представить свои работы, выполненные из бумажных отходов, что являлось важным условием конкурса. Главной целью мероприятия стало воспитание экономного использования природных богатств и произведённых ресурсов.



Конкурс «Жасыл ел» («Зеленая земля») организовала служба охраны окружающей среды при поддержке ОО «Локальный профсоюз «Нефтепереработчик».

Поделки принимали с 24 по 31 мая 2024 года. В мероприятии участвовали 35 детей сотрудников предприятия и сервисных организаций в возрасте от семи до 12 лет. Для объективной оценки работ имена конкурсантов были скрыты: каждому члену жюри отправили ссылку на фотографии с изображением поделок с индивидуальными номерами, но без авторства.

Актуальность темы конкурса «Зеленая земля» обусловлена реалиями нашего времени, когда остается острой проблема загрязнения воздуха и воздействия на окружающую среду. Немаловажное условие преодоления таких факторов – экологическое воспитание населения, а особенно детей как будущего поколения.

ТОО «ПНХЗ» всегда признавало важность охраны экосистемы. Проведенный конкурс детских поделок стал отличным подспорьем для формирования бережливого отношения



зкой, аниматорами и занимательными играми. В этот же день состоялась церемония награждения победителей и участников, которую провел Генеральный директор ТОО «ПНХЗ» Куаныш Бишимов. Все дети получили грамоты и сертификаты.

Отдел по связям с общественностью
ТОО «ПНХЗ»

Фото – Вадим Бердников и служба охраны окружающей среды



к природе, поскольку экологическое мышление, являющееся важной частью воспитания, необходимо закладывать с детства.

Помимо экологической морали, конкурс также был направлен на развитие творчества, уважения к труду, нравственное воспитание и укрепление семейных ценностей.

Третьего июня 2024 года комиссия подвела итоги конкурса. Григорий Терёхин занял 1 место. Арсен Баженов – 2 место. Даниславу Кремеру присудили 3 место.

Седьмого июня 2024 года для участников конкурса была подготовлена и проведена игровая развлекательная программа с му-




Дарын

Байқау өз мәресіне жетті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі «Жол картасын» орындау мақсатында, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС Компания қызметкерлерінің балалары арасында «Қауіпсіздік баланың көзімен» тақырыбында суреттер байқауы жарияланған болатын.

«Қауіпсіздік баланың көзімен» суреттер байқауы балаларды қауіпсіз мінез-құлық ережелеріне үйретудің маңыздылығын

атап өтуге арналған. Қатысушылар өз суреттерінде қауіпсіздік шешуші рөл атқаратын жағдайларды суреттеді: көшеде,



мектепте, үйде немесе спорт кезінде. Балалар жолдан қалай дұрыс өту керектігін, спортпен шұғылдану кезінде қорғаныс құралдарын пайдалану, от пен электр қуатын пайдалану, сондай-ақ төтенше жағдайларда қалай әрекет ету керектігін бейнеледі.

Байқауға 7 жастан 14 жасқа дейінгі балалар қатысты. Нәтижесінде 18 жұмыс жиналды.

Конкурстық комиссия үздік үш жұмысты анықтады:

Саят Тельмагамбетов 1-орын және Расул Бекетов 2-орынды иеленді. Ал, 3-орын – Аянат Бектурсыноваға берілді.

Байқау жеңімпаздары мен қатысушыларына балалар дүкенінен мақтау қағаздары және сыйлық сертификаттары табыс етілді. **М**



Жеті өнер

Caspi Bitum: балаларды қорғау күніне орай ерекше шара өтті

Ақтау битум зауытында балаларды қорғау күнін атап өту дәстүрі биыл да өз жалғасын тапты. Мерекелік іс-шараны Еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік бақылау қызметі ұйымдастырды. Жұмыскерлердің отбасынан шыққан 60-тан астам бала танымдық турға қатысты: балаларға зауытта қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуы туралы баяндайтын бейнефильм көрсетілді. Қызмет жұмыскерлері өрт сөндіргіш пен газтұтқышты пайдалану бойынша себерлік сыныптарын өткізді. Зауыт аумағында автобустармен шолу экскурсиясы кезінде балалар ата-аналарының қай жерде жұмыс істейтінін, олар битум өндіретін қондырғының құрылысы қандай екенін өз көздерімен көруге мүмкіндік алды.

Мерекелік фуршет пен аниматорлардың қызықты қойылымы балаларға ерекше көңіл күй сыйлады.

Айта кету керек, «CASPI BITUM» БК» ЖШС-де жұмыскерлердің балаларына көңіл бөлу тек осы мереке аясында ғана емес,

тұрақты түрде ұйымдастырылатын шараға айналды. Ұжымдық шартта көп балалы, сондай-ақ мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерге материалдық көмек көзделген, ЖОО-лар мен ОАОО-ларда балаларды оқытуға ішінара ақы төлеуге қаражат бөлінеді, мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын балалар шәкіртақымен

көтермеленеді. Сондай-ақ, жұмыскерлер оқу жылының басында мектепке қажетті құрал-саймандар сатып алу үшін материалдық көмек алады.

Серіктестікте әр жұмыскер отбасының әлауқаты оның жұмыстағы табысының маңызды құрамдас бөлігі саналады. **М**



Көкесемнің кереметі

Күні бүгінге дейін сыры ашылмаған, құпияға толы мекендер өте көп. Еш жерде кездеспейтін табиғи құбылыстарды бойына жасырған қасиетті жерлердің бірі нәм бірегейі – Көкесем шатқалдары. Сонымен біздің бүгінгі жазбамыздың өзегіне айналған «Көкесем» шатқалдары туралы ел көп нәрсені біле бермейді.

Ақбөбек Төлжанова



табылған акуланың тістері, 2 мың жылдық тарихы бар тасқа айналып кеткен ағаштар т.б. жәдігерлер айғақтайды.

2017-18 жылдары Франция, Италия, Армения, Белгия т.б. 6 мемлекеттен құралған археологиялық экспедиция жайлы Үстірт Қорығының бас инспекторы Берік Ырзаев былай дейді: «Экспедиция мүшелері күні-түні көне замандағы аң аулаған арандарды зерттеді. Содан бір француз бірнеше күнтоқтамастан қазба жұмыстарын жүргізді.

Ақырында, іздегенін тауып, қуанғаннан, айқайлап жібергені әлі есімізде. Әлгі ғалым еліне барып, зерттеп, екінші келгенінде: – Бұл – 2 мың жылдық тарихы бар аран, бұл – сол кездегі құл», – деген екен.

Тағы бір ерекше атап өтетін жәйт, ол Көкесемнің құдығы екені даусыз. Көкесемнің құдығы киіз үй формасында қазылған. Зерттеушілердің айтуынша, көшпелі халықтың құдықшылық өнерінде мұндай әдіс кездеспеген. Ол құдыққа неше жыл болғанын нақты ешкім айта алмайды. Өйткені зерттеу жұмыстарын тыңғылықты жүргізу керек. Бірақ шамамен 500 жыл болған деп болжайды ғалымдар. Астында тұп тұщы бұлағы бар. Су тамшылап тұрғанда әуен ойнап тұрғандай әсерде боласың. Бұл мекенге келген адам тек арнайы рұқсат алып, инспектормен бірге ғана жүре алады.

Зерттеуші-ғалымдар, бұл мекенді бүкіл әлемдік тарихи жәдігерлер қатарына қосып, халықаралық мәртебе беруге қадам жасады. Бас инспектор Берік Ырзаевтың айтуынша, кезінде қорықтың директоры болған Шадиар Үркімбаев ЮНЕСКО-ға кіргізу жұмыстарын бастапты. Алайда ол кісі жұмыстан кеткен соң, бұл іс соңына дейін жетпеген көрінеді. Расында, теңдесі жоқ қасиетті жерге айналған тарихи мекеннің ЮНЕСКО-ға енуге әбден лайық екені белгілі.

Қазақтың абыз жазушысы Әбіш Кекілбайұлының сөзімен сабақтасақ: «Ата-бабамыз тарихты хатқа сенбей, тасқа сеніп тапсырғандай көрінеді». Сол шатқалдардың, таулардың өздері сыр шертсін деп, қаз-қалпында беруге тырыстым. «Көрермен өзі көргенді түйсін», – дедім. Мүмкін, біреуі әжім торлаған дидарын көрер. Екіншісі сол топырақтан шауып өткен Томирис пен Кирдың шайқасын байқар іштей.

Бірақ Көкесемді өз көзіңмен көрген мүлдем ерекше, басқаша әсер сыйлайды. Өйткені техника қайткенмен адамның көзіндей емес. Жасандылық басым. Қанша шынайы болуға ұмтылғанымен, техниканың аты – техника.

Ғаламторда Үстірт қорығы деп іздеуге болады. «Көкесем» туралы ақпаратқа қанық болғыңыз келсе, марқабат! Сонымен қатар «Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы» атты кітабында да өте көп ақпарат берілген. Бірақ мемлекет тарапынан әлі де археологиялық зерттеулерге қаражат бөлініп, тарихымызды түбегейлі зерттеуді қолға алу керек. Өйткені тарихи орын, қорық болғаннан кейін, әлі де оның біз білмейтін сырлары ашылу керек. Себебі адамзат баласы өз тегін тануды алдына мақсат етіп қояды. Ал тегін таныған елді әлем мойындайды. Әлем таниды. Бұл – өмір заңдылығы. **MI**



«Жарқын болашақ»: IQanat мектебін жаңаөзендіктердің алғашқы легі бітірді

«Жарқын болашақ» бағдарламасы аясында Бурабай курортында орналасқан IQanat High School of Burabay элиталық мектеп-пансионатында оқуын сәтті аяқтаған жас жаңаөзендік түлектердің алғашқы легі мектеп бітірді.

Тек IQanat мектебінде 2022 жылдан бастап ҚМГ қолдауымен басталған «Жарқын болашақ» гранттық білім беру бағдарламасы бойынша Маңғыстау облысынан келген 100-ден астам жоғары сынып оқушылары білім алуда.

Осы білім гранттық бағдарлама бойынша Маңғыстау облысы мен Жаңаөзеннің 676 жоғары сынып оқушысы Қазақстанның 11 өңіріндегі 33 ең үздік білім ошағында білім алуда. Бағдарлама еліміздегі мұнайлы аймақтардың өскелең ұрпағының білім деңгейін арттыруға бағытталған. Бағдарлама ішіне оқу ақысын, тамақтану, жатақханада тұру және жол жүру шығындарын, сондай-ақ, колледж студенттеріне арналған жоғарылатылған стипендия қамтылған.

Компанияның гранттық бастамасы өндірістік мұнай кәсіпорындарының

қатардағы қызметкерлерінің балаларын, сондай-ақ, аз қамтылған отбасы мен батыс

өңірі тұрғындарының әлеуметтік осал топтары отбасыларының балаларын қамтып отыр. **MI**



МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінде есепке қойылып,
№ 17496-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Астана қаласы,
Д.Қонаев көшесі, 8 үй,
16 қабат, 1617 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Руслан Иманқұлов
Меруерт Бүркітбаева
Жаңагүл Серікова
Нариман Қойшыбаев

Құрманәлі Қалмахан
Диана Қалқамбекова
Лаура Нұқсатқызы
Әли Темербекұлы

Байланыс телефоны:
+7 (7172) 78 91 49

e-mail: **mm@kmg.kz**

Газет айына 1 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР:
«CREATIEF» ЖШС
Астана қ-сы, Қонаев көшесі, 4-үй.
Тел.: +7 (702) 962 55 53



Газетіміздің электронды нұсқасын осы QR таңбасын басып жүктегі аласыздар.